

ҚарМТУ ректоры  
ҚР ҰҒА академигі  
Газалиев А.М.

## Пікір

Студенттік өмірдің төртінші семестрі аяқталуға шақ қалды, мен Қарағанды Мемлекеттік Техникалық Университетін аяқтаған Атам, Әжем, Әкем және ағамның кеңесі бойынша оқуға түстіп және джек-потты ұтып алдым деп сенімділікпен айта аламын!

Білім беру және патриоттық тәрбие беру жүйесі мен ойлағаннан да жоғары және сапалы деңгейде жұмыс істейді, көз алдымызда көптеген өзгерістер болуда. Университет корпустарының сыртқы эстетикалық әсемділігі, кабинеттер мен аудиториялардың аса заманауи көркемделуі, заманауи жабдықтармен жабдықталған және Wi-Fi желісі арқылы internet желісіне барлық жерде қол жеткізуге болады.

Жастар саясатына үлкен назар аударылуда, университет өзін-өзі көрсету және өзін-өзі жетілдіру мәселелерінде жастардың қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз етеді. ЖІК, КТК және Студенттер кеңесі жұмыс жасайды, онда әр студент өз потенциалын аша алады және жүзеге асыра алады.

Апта сайын олимпиада, конкурс, онлайн-конференция, форумдар өткізіледі, онда ынта білдірген әр студент білімін көрсетіп, өзін көрсете алады, көптеген жаңалықтарды біліп, шәкіртақыға ие болу мүмкіндігі бар. Жыл сайын «Arselor Mital Temirtau» АҚ шәкіртақы тағайындау және жқмыс орнына тағайындау келісімшартын беретін «Жас таланттар» беделді конкурсын өткізеді. Конкурс 3 кезеңде өткізіледі, ол келесілерден тұрады: ағылшын тілінен тест, әңгімелесу және тұлғаның зияткерлік талдауы, онда қатысушыларды іріктеу жүргізіледі. Аталған шәкіртақыны алған соң, мен жуық арада өзімнің жұмысқа орналасатыныма сенімдімін.

Сонымен қатар университет қабырғасында 2012 жылы барлығына танымал Конфуций институты ашылды, ол Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың толық циклын ұсынады. Оқытуды оқу тәжірибесі жиырма алты жылдан астам тілді тасымалдаушылар жүргізеді. Ай сайын бүкіл әлемде мойындалатын Қытай Халық Республикасының ресми тесті HSK тестілеуі жүргізіледі. Бұл тілді мегергісі келетін және Қытайда білім алғысы келетін студенттер үшін жаңа мүмкіншіліктерді ашады! Осы жылы біз университетпен екі апталық мерзімге Қытайға тегін тілдік курстарға барамыз.

МФ-09-4 тобының студенті

Годобородько К.Д.